

Төлемдер мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XIII сессиясының 2001 жылғы 5 желтоқсандағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 19 желтоқсанда N 414 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 20 қазандағы N 476 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2011.10.20 N 476 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 373 бабының 2 тармағына, 394 бабына сәйкес және Алматы қаласы Әкімінің ұсынысы бойынша II сайланған Алматы қалалық Мәслихаты **шешім қабылдады:**

1. Ауық-ауық көрсетілетін кәсіпкерлік қызметтерге бір жолғы талонның негізінде салық мөлшерлемелері бекітілсін (N 1 қосымша).

2. Төмендегі қызметтерге көрсететін жеке кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға, олардың филиалдарына, өкілдіктеріне және басқа да оқшауланған құрылымдарға кесімді жиынтық салық мөлшерлемелері бекітілсін (N 2 қосымша):

- 1) ойын бизнесі ;
- 2) ақшалай ұтыс бермейтін ойын автоматтары;
- 3) боулинг (кегельбан);
- 4) картинг ;
- 5) бильярд ;
- 6) лото ойынын ұйымдастыру.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау экономика және өндірісті дамыту жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (А.И. Шелипанов), Алматы қаласы бойынша салық комитетінің төрағасына (Б.У. Қалижанов) жүктелсін.

**II сайланған Алматы
қалалық Мәслихатының**

XIII сессиясының төрағасы

**II сайланған Алматы
қалалық Мәслихатының**

хатшысы

**II сайланған
Мәслихатының**

**Алматы
XIII**

**қалалық
сессиясының**

2001 жылғы 5 желтоқсандағы
шешіміне N 1 қосымша

Кезекті саны	Кәсіпкерлік қызметінің түрлері	Бір күндік бір жолғы алынған талонның мөлшерлемесі (теңге)
1	Жеке жеңіл автомобиль иелерінің жолаушы тасымалдау бойынша көрсететін қызметтері	
	а) қала ішінде, ауданаралық	170
	б) қалааралық	280
2.	Жеке жүк автомобильдері (лицензияланғаннан басқалары) иелерінің жолаушы тасымалдау бойынша көрсететін қызметтері	280
3.	Жеке жүк автомобильдері иелерінің (лицензияланғаннан басқалары) жүк тасымалдау бойынша көрсететін қызметтері. Соның ішінде,	
	<u>Қала ішінде</u>	
	А) 1 тоннаға дейінгі жүк	230
	Б) 1 тоннадан 5 тоннаға дейін	280
	В) 5 тоннадан ауыр жүк	330
	<u>Ауданаралық</u>	
	А) 1 тоннаға дейінгі жүк	230
	Б) 1 тоннадан 5 тоннаға дейін	280
	В) 5 тоннадан ауыр жүк	330
	<u>Халықаралық</u>	
	А) 1 тоннаға дейінгі жүк	450
	Б) 1 тоннадан 5 тоннаға дейін	650
	В) 5 тоннадан ауыр жүк	850
4.	Саяжайда және үйдің жанында өсірген гүлдерді сату	50
5.	Қосалқы шаруашылықтың ауыл шаруашылық, бағбаншылық, бақшашылық және саяжай өнімдерін сату	50
6.	Газет пен журналдарды сату	70
7.	Бақша өнімдерін сату	120
8.	Тұқым, көшеттер сату	50
9.	Автокөліктерді жақын және алыс шетелдерден жеткізу қызметі	480
10.	Жеке және жалға алған тракторлармен жерді өңдеу жұмыстары	120

*ІІ сайланған Алматы
қалалық Мәслихатының*

XIII сессиясының төрағасы

*ІІ сайланған Алматы
қалалық Мәслихатының*

хатшысы

ІІ сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының ХІІІ сессиясының
2001 жылғы 5 желтоқсандағы
шешіміне N 2 қосымша

Ескерту: 2 қосымша жаңа редакцияда - Алматы қаласы Мәслихатының
2004.03.26 N 39, 2005.11.18 N 194, 2006.12.21 N 317, 2008.12.22 N 165
шешімдерімен.

Тіркелген салықтың ставкалары

№/п	Салық салу объектісі	Тіркелген салық ставкалары айлық есептік көрсеткіштер бойынша
1	2	3
1.	Бір ойыншымен өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	12
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	18
3.	Ойынды жүргізуге қолданылатын дербес компьютер	4
4.	Ойын жолы	42
5.	Карт	12
6.	Бильярд үстелі	25

Айлық есептік көрсеткіш ҚР "Республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес
бекітіледі.

*ІІ сайланған Алматы
қалалық Мәслихатының*

XIII сессиясының төрағасы

*ІІ сайланған Алматы
қалалық Мәслихатының*

хатшысы